

## **"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 8 қарашадағы N 1423 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Жоба**

### **Қазақстан Республикасының Заңы**

#### **Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2198 заң күші бар Z952198\_ Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 12, 183-құжат; 1998 ж., N 5-6, 50-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63, 64-құжаттар; 2001 ж., N 1, 1-құжат; N 8, 52-құжат;):

1) 6-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қызмет нысанасы зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін төлеу болып табылатын заңды тұлғаларды тіркеу үшін жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың, кастодиан-банктердің, сақтандыру ұйымдарының қызметін реттеу және бақылау жөніндегі функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырушы мемлекеттік органның оны ашуға Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес қосымша рұқсаты талап етіледі.

2) 14-баптың сегізінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының, сондай-ақ

жинақтаушы зейнетақы қорларының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тиісінше банк, сақтандыру және зейнетақы туралы Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

2. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Z952200\_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 337-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 7-1, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52, 54-құжаттар; N 13-14, 173, 176 - құжаттар):

15-бап мынадай мазмұндағы тоғызыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі қызметті жүзеге асыруға және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға лицензия берудің шарты мен тәртібі Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарда белгіленеді."

3. Қазақстан Республикасының "Банкроттық туралы" 1997 жылғы 21 қаңтардағы Z970067\_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 1997 ж., N 1-2, 7-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 14, 198-құжат; N 17-18, 225-құжат; 2000 ж., N 2, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат):

47-баптың 3) тармақшасындағы "төлемдер" деген сөзден кейін "сондай-ақ "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына" міндетті әлеуметтік аударымдар" деген сөздермен толықтырылсын.

4. "Ақша төлемі мен аударымы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы Z980237\_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 1998 ж., N 11-12, 177-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат):

38 - бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Алушы банк ақша жіберушілердің нұсқауын орындаумен қатар, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды аударуға арналған нұсқауды күнтізбелік кезектілік тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен орындауға міндетті. Салық органдарының міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды өндіріп алуға арналған инкассалық өкімдерінде осы тәртіппен орындауға тиіс."

4-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Аталған норма салық қызметі органдары мен кеден органдарының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімдерде бюджетке төленбеген

салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді мәжбүрлеп өндіріп алу, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын, "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына" әлеуметтік аударымдарды, бюджетке салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды төлемегені не уақытында төлемегені үшін есептелген айыппұлдар мен өсімақыларды өндіріп алу туралы өкімдеріне қолданылмайды."

5. Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" 2001 жылдың 30 қаңтарындағы K010155\_ Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; 2001 ж., N 17-18, 241-құжат):

1) 88-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"88-бап. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарды бұзушылық

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларының лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарында көзделген зейнетақы төлемдерін, аударулар мен алып қоюларды белгіленген мерзімдерде уақытылы жүзеге асыру жөніндегі міндеттерін орындамауы -

жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін айыппұл салуға әкеп соқтырады.

2. Орталықтың лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының зейнетақы заңдарында көзделген зейнетақыны толық мөлшерінде және белгіленген мерзімдерде төлеу жөніндегі міндеттерін орындамауы -

жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін айыппұл салуға әкеп соқтырады.

3. Заңды тұлғаның, жеке кәсіпкердің, жекеменшік нотариустың немесе адвокаттың міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалу немесе жинақтаушы зейнетақы қорларына аудару жөніндегі міндеттемелерді атқармауы не тиісті дәрежеде атқармауы, -

лауазымды адамға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға, жеке кәсіпкерге, жекеменшік нотариусқа немесе адвокатқа - аударылмаған (уақытында аударылмаған) немесе ұстап қалмаған міндетті зейнетақы жарналары сомасының елу пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеліп соғады." ;

2) Мынадай мазмұндағы 88-1-баппен толықтырылсын:

"88-1-бап. Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңдарды бұзу

1. Әлеуметтік төлемдердің "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" мен Орталықтың лауазымды адамдарының кінәсінен толық көлемінде және міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңдарда көзделген белгіленген мерзімінде төленбеуі - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін айыппұл салуға әкеп соғады.

2. "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына" әлеуметтік аударымдар төлеуші - жұмыс берушінің әлеуметтік аударымдарды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аудару жөніндегі міндеттерін орындамауы немесе тиісті дәрежеде орындамауы -

лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі

мөлшерінде, заңды тұлғаларға - аударылмаған (уақытында аударылмаған) міндетті зейнетақы жарналары сомасының елу пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

## Е с к е р т у :

1. Осы Кодексте әлеуметтік аударымдар төлеуші - жұмыс беруші деп Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңдарына сәйкес "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына" міндетті әлеуметтік аударымдар жүргізуге тиісті адамды айтады.";

3 ) 5 7 0 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "Кодекстің" деген сөзден кейін "88 (үшінші бөлік), 88-1 (екінші бөлік)" деген сөздермен толықтырылсын;  
мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және осы Кодекстің 88-бабында (үшінші бөлігінде), 88-1 (екінші бөлігінде) көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жазалар қолдануға аумақтық салық органдарының басшылары, олардың орынбасарлары құқылы.";

4 ) 5 7 4 - б а п т а :

тақырыбындағы "Республикасының" деген сөзден кейін "Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің" деген сөздермен толықтырылсын;  
бірінші бөліктегі "министрлігінің" деген сөзден кейінгі "халықты әлеуметтік қорғау" деген сөздер алынып тасталсын;  
"88-бабында" деген сөздер "88 (екінші бөлігінде), 88-1 "(бірінші бөлігінде) баптарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-бөлігіндегі "облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының (департаменттерінің) бастықтары, аудандық халықты әлеуметтік қорғау бөлімдерінің бастықтары" деген сөздер "Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі аумақтық органдарының басшылары, олардың орынбасарлары" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" К010209\_ (Салық кодексі) 2001 жылғы 12 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат):

1) 15-баптың 1-тармағы "міндетті зейнетақы жарналарының" деген сөздерден кейін "және әлеуметтік аударымдардың" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 16-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы "зейнетақы жарналарының" деген сөздерден кейін "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына" әлеуметтік төлемдердің деген сөздермен толықтырылсын;

3) 17-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы "міндеттемелерін орындауына" деген сөздерден кейін "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына" міндетті аударымдардың толық есептелуіне және төленуіне" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 68-баптың 2-тармағының екінші абзацы "зейнетақы жарналары" деген сөздерден кейін "және "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына" әлеуметтік аударымдары" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 91-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңдарына сәйкес алынған және "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының" активтерін көбейтуге жіберілген инвестициялық кірістер;"

6) 100 - бапта :

"салық төлеушінің" деген сөздердің алдынан "1" санымен толықтырылсын; бірінші бөліктегі "ақы төлеу бойынша" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына" әлеуметтік аударымдар бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Салымшының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт бойынша ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен төлеген ерікті зейнетақы жарналары Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарында белгіленген шекте шегерімге жатады."

7) 131-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы "зейнетақы қорларына" деген сөздерден кейін ", "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 144-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 26-1) тармақшамен толықтырылсын:

"26-1) "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан" әлеуметтік төлемдер;"

9) 178-бап мынадай мазмұндағы 18-1) тармақшамен толықтырылсын:

"18-1) "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" жүзеге асыратын әлеуметтік төлемдер;"

10) 187-баптың 1-бабы мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан" төленетін әлеуметтік төлемдерді ;

11) 227-баптың 2-тармағындағы:

5) тармақша "активтерін" деген сөзден кейін ", сондай-ақ "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының" активтерін" деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

6-1) "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының" әлеуметтік аударымдарды тарту және "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының" активтерінен алынған инвестициялық кірісті бөлу жөніндегі қызметтері;"

12) 317 - бапта :

1-тармақтағы "21 процент ставка бойынша" деген сөздер "18 процент ставка

б о й ы н ш а " ;

2-тармақтағы "11 процент" деген сөздер "8 процент";

4-тармақтағы "6,5 процент ставка бойынша" деген сөздер "3,5 процент ставка бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 374-баптың 6-тармағындағы "міндетті зейнетақы жарналары" деген сөздерден кейін "және "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына" әлеуметтік аударымдары" деген сөздермен толықтырылсын;

1 4 ) 3 8 3 - б а п т а :

1-тармағының екінші бөлігі "Әлеуметтік аударымдарды есептеу ай сайын жүргізіледі." деген сөйлеммен толықтырылсын;

2-тармағындағы "міндетті зейнетақы жарналарының" деген сөздерден кейін "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына" әлеуметтік аударымдардың" деген сөздермен толықтырылсын;

15) 384-бап мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына" аударылған әлеуметтік аударымдар бойынша есепті";

1 6 ) 3 9 0 - б а п т а :

2-тармағының бірінші бөлігі "зейнетақы жарналары" деген сөздерден кейін ", "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына" әлеуметтік аударымдары" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармағының бірінші бөлігі "зейнетақы жарналары" деген сөздерден кейін "және "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына" аударылған әлеуметтік аударымдар бойынша есептілікті" деген сөздермен толықтырылсын;

1 7 ) 5 1 7 - б а п т а :

1-тармақ "зейнетақы жарналарының" деген сөздерден кейін "және "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына" әлеуметтік аударымдардың" деген сөздермен ауыстырылсын.

**2-бап.** Осы Заң, 2003 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енгізілетін әлеуметтік аударымдар бөлігіне қатысты ережелерді қоспағанда, 2002 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Президенті*